

SATBAYEV UNIVERSITY

СӘТБАЕВ
УНИВЕРСИТЕТІ



**МЕТАЛЛУРГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІК
ИНЖЕНЕРИЯ ИНСТИТУТЫ**

**ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МАШИНАЛАР ЖӘНЕ
ЖАБДЫҚТАР КАФЕДРАСЫ**

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.канд.,

ассоц. профессор

К.К. Елемесов

«25»мамыр 2020ж

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: «ОТС 180-900 сорабының конструкциясын жетілдіру»

5B072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар» мамандығы

Орындаған:

Журметова Асель Мараткызы

Ғылыми жетекші

тьютор: Айтореева Гульзия Калдыбаевна

Алматы 202

Satbayev University

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

Технологиялық машиналар және жабдықтары кафедрасы

5B072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл канд.,

ассоц. профессор

К.К. Елемесов

«28» қаңтар 2020 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Журметова Асель Маратқызы

Тақырыбы ЦНС 180-900 сорабының конструкциясын жетілдіру

Университет басшысының "27" қаңтар 2020 ж. № 762-б бұйрығымен
бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «01» маусым 2020ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Берілісі 180 м³/с, арыны 900 м
секциялық ортадан тепкіш сораптың конструкциясын жетілдіру

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Техникалық бөлімі: ОТС 180-900 сорабына талдау жасау; негізгі
жабдықтарына түсініктеме беру.

б) Есептеу бөлімі және арнайы бөлім: негізгі элементтерінің
параметрлері есептеу, техникалық ұсыныс жүргізу.

в) Арнайы бөлімі: секциялық ортадан тепкіш сораптың бағыттаушы
аппараттарын жетілдіру.

г) Еңбек қорғау бөлімі: қауіпсіздік шаралары және еңбек қорғау
мәселелерін қарастыру;

Сызба материалдар тізімі (6 парақ сызбалар көрсетілген)

1.ОТС 180-900 сорабының жалпы көрінісі; 2. Жинақ сызбасы; 3.Бөлік
сызбасы; 4. Патенттік талдау. 5. Бөлік сызбасы.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 14 атау

АНДАТПА

Дипломдық жоба өнімділігі $180 \text{ м}^3 / \text{сағат}$ және арыны 900 м болатын ортадан тепкіш секциялық сорапты жетілдіруге бағытталған.

Жобада секциялық ортадан тепкіш сораптың техникалық сипаттамасына, қолданыстағы құрылымына, сонымен қатар негізгі тортаптарына талдау жүргізілді. Арнайы бөлімде секциялық ортадан тепкіш сораптың бағыттаушы аппараттарын жетілдіру бойынша міндеттердің кешені шешілді.

Есептеу бөлімінде жұмысшы дөңгелек және бағыттаушы аппараттың негізгі параметрлері анықталды. Жабдықпен жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздігі және экологиялығы талданды.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте предусматривается модернизация центробежного секционного насоса производительностью $180 \text{ м}^3 / \text{час}$ и напором 900 м.

В проекте проведен анализ технической характеристики секционного центробежного насоса, существующей структуры, а также основных узлов. В специальной части решен комплекс задач по совершенствованию направляющих аппаратов секционного центробежного насоса.

В расчетной части определены основные параметры рабочего колеса и направляющего аппарата. Были проанализированы безопасность и экологичность при работе с оборудованием.

ANNOTATION

This diploma project provides for the modernization of a centrifugal sectional pump with a capacity of $180 \text{ м}^3 / \text{h}$ and a pressure of 900 m.

The project analyzed the technical characteristics of the sectional centrifugal pump, the existing structure, as well as the main components. In a special part, a set of tasks has been solved to improve the guiding apparatus of a sectional centrifugal pump.

In the calculation part, the main parameters of the impeller and the guide apparatus are determined. Safety and environmental friendliness were analyzed during the work with the equipment.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе		
1	Техникалық бөлім	6
1.1	Ортадан тепкіш секциялық типті сораптың конструктивтік сұлбасы және әрекет ету принципі	6
1.2	ОТС 180-900 сорабының тағайындалуы және техникалық сипаттамалары	7
1.3	Шетелдік сорап конструкциясын талдау	8
1.4	Жұмыс дөңгелегі	10
2	Арнайы бөлім	13
2.1	Ортадан тепкіш секциялық типті сорғы жұмысының тиімділігін арттыру	13
2.2	Техникалық ұсыныс	13
2.3	Сораптың жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру	15
2.4	Ортадан тепкіш сорғыларды пайдалану және қызмет ету мерзімін ұлғайту	18
3	Есептеу бөлімі	19
3.1	Жұмыс дөңгелегінің есебі	19
3.2	Бағыттаушы аппаратты есептеу	26
4	Еңбекті қорғау бөлімі	28
4.1	Өндірістік қауіпті факторларды талдау	27
4.2	Өндірістің төтенше жағдайының мүмкін түрлері және оларды жою әдістері	29
4.3	Өндірістік объектіні пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары	31
4.4	Шудан қорғау жөніндегі іс-шаралар	32
Қорытынды		
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі		

КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта мұнай кен орындарының ұнғымаларын пайдалануға, өндіруге және жұмыс істеуге қабілетті жағдайда ұстауға бағытталған қызмет көрсету шығындары едәуір өсіп жатқан кезде, осы талаптарға жауап беретін мұнай кәсіпшілігі жабдықтарын пайдалану және дамыту мәселесі өзекті болып табылады.

Мұнай өндірудің өсуі жаңа кен орындарын игеруге енгізумен ғана емес, игерілген және жаңадан пайдалануға берілген кен орындарын пайдалану жағдайын үнемі жақсартумен қамтамасыз етіледі. Қабаттардың мұнай беруін арттыру үшін су айдау арқылы қабаттың қысымын ұстап тұру әдісі неғұрлым тиімді болып табылады, ол үшін ортадан тепкіш көп сатылы секциялық сораптар қолданылады.

Ортадан тепкіш сорғылар қазіргі таңда өнеркәсіптің барлық салаларында кеңінен қолданысқа ие. Өнімділік мәселелерін шешу көбінесе олардың сенімді жұмысына байланысты, ол сұйық өнімдерді сорып алу, айдау және тасымалдау болып табылады. Мұндай функцияның қажеттілігі жабдықтың осы түріне деген қызығушылығын арттырады. Бұл жағдай болашақта да, әмбебап, сенімді сораптың салыстырмалы төмен өзіндік құнының арқасында сақталады. Алайда, қазіргі заманғы сорап құрылысындағы маңызды мәселе жабдықтың сенімділігі мен ұзақ мерзімділігін арттыру болып табылады.

Осылайша, ортадан тепкіш сорғының конструкциясын жетілдіру қажеттілігі қондырғылар мен кәсіпорындарда пайдалануды қамтамасыз ету үшін маңызды міндет болып табылады.

Осы жұмыстың жобаның мақсаты, ОТС 180-900 сорабының кемшіліктерін анықтау және оның жұмыс сипаттамаларын жақсарту үшін жетілдіру нұсқасын ұсыну.

Бұл жұмыстың негізгі міндеттері ортадан тепкіш сорғылардың қолданыстағы құрылымдарын қарастыру, осы сорғы агрегаттарының мәселелерін анықтау, ақпараттық шолу, сорғыны жаңғырту бойынша техникалық ұсыныстар жасау сондай-ақ, жұмыс дөңгелегінің және бағыттаушы аппараттың негізгі параметрлерін есептеу болып табылады.


1 Техникалық бөлім

1.1 Ортадан тепкіш секциялық типті сораптың конструктивтік сұлбасы және әрекет ету принципі

Ортадан тепкіш секциялық сорғы қарапайым ортадан тепкіш сораптардан жұмыс жасау принципі бойынша өзгеше емес. Оның негізгі айырмашылығы – көп сатылығы, жұмысшы дөңгелектерінің санына байланысты болып табылады.

Ортадан тепкіш секциялық сорғылар тұқырлығы және белсенділігі бойынша суға ұқсас қасиеті бар әртүрлі сұйықтықтарды, сонымен қатар химиялық белсенді, абразивті және басқа да сұйықтықтарды айдау қызметін атқарады. Ортадан тепкіш секциялық сорғылар мұнай мен газды дайындайтын және жинайтын орталық пункттерде, өнімді қабаттарға су айдау үшін арналған бұталы сорғы станцияларында, сумен жабдықтау және жылумен жабдықтау жүйелерінде колданысқа ие.

Адам қызметінің барлық салаларында, атап айтқанда мұнай-газ саласында кеңінен таралған ортадан тепкіш секциялық типті сорғылар көп сатылы ортадан тепкіш сораптар тобының бірі болып табылады.



1 - жұмыс дөңгелегі; 2 - бағыттаушы аппарат; 3 - секция корпусы; 4 - сорушы келтеқұбыры бар алдыңғы қақпақ; 5 - шығарушы келтеқұбыры бар артқы қақпақ; 6 - сорғы білігі; 7 - білік нығыздауышы; 8-осьтік күштердің түсіру құрылғысы; 9-мойынтіректер; 10-сұйықтықты қайта жіберу түтігі.

1.1 Сурет – ОТС сораптың конструктивтік схемасы

Әрбір ортадан тепкіш секциялық типті сораптарға тән:

- секциялық корпус, әр секция жұмыс дөңгелегі сонданымен қатар бағыттаушы аппараттан тұрады;
- тартпалы шпилькалардың көмегімен секциялар тартылған алдыңғы және артқы қақпақтардың болуы;
- алдыңғы және артқы қақпақтар сәйкесінше сорушы және шығарушы арынды келтеқұбырмен жасалады;

- біліктің көлденең орналасуы;
- бір жақты кіріспен жұмыс дөңгелектерінің кезектесіп орналасуы;
- біліктің екі шеткі бөлігінде тығыздағышының болуы;
- осьтік күштерді түсіруге арналған құрылғының болуы.

Көпсатылы ортадан тепкіш секциялық сорғы жұмысы келесідей: сұйықтық алдыңғы сору құбыры арқылы сорғыны жұмысқа жіберудің алдында міндетті түрде суға толтырылады. Сорғы іске қосылған кезде алдын ала құйылған сұйықтық жұмысшы дөңгелектер арқылы қалақшаларынан кинетикалық энергия алады. Одан әрі сұйықтық арналармен бағыттаушы аппаратқа өтеді, онда арынның жылдамдығы азаяды және Д. Бернулли теңдеуіне сәйкес кинетикалық энергияның механикалық энергияға түрленуі жүреді. Бірінші сатыдан кейін сұйықтық екінші, үшінші және кейінгі сатылардан өтеді, олардың әрқайсысында манометрлік арынның ұлғаюы болады.


Соңғы сатыдан кейін сұйықтық артқы қақпақ қуысына түседі және сол жерден айдау құбырына жіберіледі.

Жұмыс дөңгелектерімен білікке берілетін гидростатикалық қысымның солға бағытталған осьтік күштерін теңестіру үшін сорапта артқы қақпақтағы қуыс артынан камерадағы білікке отырғызылған диск түріндегі жүк түсіретін құрылғы және қақпақтың корпусына орнатылған жастықтар бар. Сораптың соңғы сатысынан кейінгі сұйықтықтың қысымы біліктің қорғаныс жейдесі мен қақпақтағы саңылаудың ішкі беті арасындағы саңылау арқылы түсіру дискісіне беріледі және оң жақтағы дискіге осьтік күш әсер етеді. Түсіру дискісі мен тіреуіш арасындағы саңылаудың еніне байланысты диск алдындағы және одан кейінгі қысымның ауытқуы өзгереді, нәтижесінде теңгеруші күш де өзгереді. Осыған байланысты, жоғары қысымды ортадан тепкіш секциялық сораптарда ротор сырғанау мойынтіректері түріндегі тіректерде орнатылған, бұл оған осьтік бағытта қозғалуға және әртүрлі жаққа әрекет ететін күштердің теңгерімсіздігін автоматты түрде жоюға мүмкіндік береді.

Білікте саңылауларды герметизациялау үшін алдыңғы және артқы қақпақтарда сальникті немесе бүйірлі тығыздағыштар орнатылады.

1.2 ОТС 180-900 сорабының тағайындалуы және техникалық сипаттамалары

ОТС 180-900 типті сораптар 45°C дейінгі температурадағы суды айдауға арналған. Айдалатын ортаның сутегі көрсеткіші $pH=7-8,5$ құрайды, механикалық қоспалардың жалпы салмақтық үлесі 0,1% - дан аспайды және қатты бөлшектерінің мөлшері 0,2 мм-ге дейін ал микроқаттылығы 1,47 ГПа-дан аспайды [6].



1.2 Сурет – Көп сатылы секциялық ортадан тепкіш сорап

1.1 Кесте – ОТС 180-900 сорабының техникалық сипаттамасы


Көрсеткіштің атауы	Мәні
Беріліс, $m^3/сағ$	180
Арын, м	900
ПӘК, %	72
Ең көп тұтынатын қуаты, кВт	613
Сорап салмағы, кг	1580
Айналу жиілігі, айн/мин	2950
Рұқсат етілетін кавитациялық қор, м	7
Сатылар саны	7
Габариттік өлшемдері, мм	1930× 640 × 710
Салмағы, кг	1650

Электр қозғалтқышы ортадан тепкіш сорғы құрылғысында жетек элементінің қызметін атқарады. Оның жетекті электр қозғалтқышы орналасқан ішкі конструкциясының бөлігі мұқият герметизацияланады, бұл күштік агрегатта айналатын сұйық ортадан қорғау үшін қажет. Сораптың білігі электр қозғалтқышынан жұмыс дөңгелегіне айналым береді. Ортадан тепкіш сораптың конструкциясы міндетті түрде жұмыс дөңгелегін қамтиды, оның сыртқы цилиндрлік бетінде құрылғының ішкі камерасында қалақшалар орналасқан. Мойынтіректер білікке бекітілген жұмыс дөңгелегінің жеңіл айналуын қамтамасыз етеді. Тығыздағыш элементтер сораптың ішкі конструкциясының тораптарын сұйық ортадан қорғайды.

1.3 Шетелдік сорап конструкциясын талдау

Ортадан тепкіш сораптар Германияда ұсынылған көптеген сорап жабдықтарының ішіндегі ең көп таралған сораптың түрі. Мәселен, сорап жабдықтары нарығының 50% - дан астамы ортадан тепкіш сораптарға тиесілі.

Германияның “Apollo” фирмасының API610 сериялы ортадан тепкіш сораптары кеңінен қолданыста.



1.3 Сурет – BB5 типті ортадан тепкіш екі корпуслы көп сатылы сорғы схемасы

BB5 типті ортадан тепкіш екі корпуслы көп сатылы сорғылар мұнай және газ өндіру кезінде қабат қысымын жасанды ұстау мақсатында қабатқа суды айдауға арналған, сондай-ақ мұнай, газ және газ конденсатын дайындау және өндеу процестерінде жоғары қысымды жасау үшін мұнай және газ химиясы технологиялық процесстерінде қолданысқа кеңінен ие.

Құрылымдық ерекшеліктері мен артықшылықтары:

- сорғыда жұмыс дөңгелектерінің қарама-қарсы орналасуы есебінен гидравликалық жүктемелі ротор болып табылады, олар пресстеп отырғызу, төсеме сақиналар мен шпонкалардың көмегімен білікке отырғызылған;
- сорғының сыртқы корпусы максималды рұқсат етілген жұмыс қысымына толық есептелген;
- сорғының ішкі корпусы – картридж типті, радиалды ажыратқышы бар секциялардан, нығыздалған және сұйықтықтың ішкі айналымын толығымен болдырмайтын қосымша резеңке сақиналардан тұрады, сонымен қатар картридж конструкциясының арқасында пайдалану орнында ішкі корпусы ауыстыру жұмыстары сыртқы корпусы бөлшектемей жүргізіледі;
- ротор тіректері май берудің мәжбүрлі жүйесі бар сегментті сырғанау мойнінтіректері болып табылады;
- пайдалану процесінде жұмыс дөңгелектерінің тығыздауыштарының біркелкі емес тозуы нәтижесінде пайда болатын қалдық осьтік күш тоқтататын

калыптары және тегістейтін жүйесі бар "Митчелл" типті тірек мойынтіректері қабылданады;

– қозғалтқыш пен сорап арасындағы жалғастырушы муфталар ретінде серпімді пластиналы муфта қолданылады.

Орташа жұмыс жасау уақыты айдалатын ортаның жағдайына байланысты болып табылады:

1) күрделі жөндеуге дейінгі жұмыс жасау уақыты – 40 000 сағаттан кем емес;

2) корпустық бөлшектердің қызмет ету мерзімі – 30 жылдан кем емес.

Біздің елімізде белгілі Германиялық «HMD» фирмасының SPGS типті сорабы. SPGGS сорғыларының артықшылықтары сұйықтықтың қауіпсіз тасымалдануын қамтамасыз ету үшін өздігінен сору мүмкіндігі, GS қатарының басқа сораптарымен үйлесімді қосалқы бөлшектерінің көптігі, сондай-ақ монтаждаудың қарапайымдылығы және орнында жөндеуге жарамдылығы болып табылады. SPGS типті сорап -40°C бастап $+120^{\circ}\text{C}$ дейін қандай да бір қосымша салқындату ортасын пайдалану қажеттілігінсіз жұмыс істеуге қабілетті.

HP моделінің сораптары синхронды немесе асинхронды магниттік жетектері бар және 450°C дейінгі температураларда жұмыс істей алады. Олардың ішінде механикалық тығыздағыштары жоқ, сондай-ақ жөндеу жұмыстарының жеңілдігі және қауіпсіздігі сорғының баасты артықшылығы болып табылады. Синхронды жетегі бар сорғыларда Insight TM жүйелері орнатылуы мүмкін, олар сорап жұмысын басқаруды жеңілдетеді.

CS моделінің сораптары жылу беретін сораптар үшін өте қолайлы болып табылады. Сорап $+450^{\circ}\text{C}$ дейінгі температураға дейін салқындатусыз жұмыс істеуге жарамдылығы анықталған.

Харрисбург 178 сорғысы орташа кен орны жағдайы үшін өте қолайлы. Бұл сорғылардың негізгі ерекшелігі алмалы-салмалы бүйірлік пластинасы бар екі элементті корпусты қамтуы, бұл тозған жерлерде жөндеуді, сонымен қатар құнын айтарлықтай төмендетуді қамтамасыз етеді.


1.4 Жұмыс дөңгелегі

Жұмыс дөңгелегі жетектің механикалық энергиясын жабдықта айдалатын сұйықтықтың гидравликалық энергиясына түрлендіретін сорғының негізгі бөлшегі болып табылады. Жұмыс дөңгелегінің ағынды бөлігі гидродинамикалық есеппен анықталады, ал дайындаудың жоғары дәлдігі мен беттің тазалығы талап етілетін параметрлерін алу үшін маңызды шарттың бірі.

ОТС сораптарда алдыңғы және артқы дискілері бар жабық түрдегі құйма жұмыс дөңгелектері қолданылады.


Көп сатылы сорғылардың жұмыс дөңгелектері ұзартылған баспалдақпен жасалады, бұл ротор конструкциясында аралық төлкелерді қолдануданбауға

мүмкіндік береді [9]. Баспалдақтар жұмыс дөңгелегімен бірге құйылады немесе оған дәнекерленген күйде жасалады.



1- алдыңғы диск; 2 - артқы диск; 3-калақша; 4-ступица.

1.4 Сурет – Алдыңғы дискінің тегіс сыртқы беті бар жабық жұмыс дөңгелегі



1 - алдыңғы диск; 2 - артқы диск; 3 - калақша; 4 - доңғалақ ступицасы; 5-шпонкалы паз; 6-сақиналы бұрғы.

1.5 Сурет – Алдыңғы дискінің сыртқы бетінде сақиналы бұрғы бар жабық жұмыс дөңгелегі

Жұмыс дөңгелегінің су өткізгіш арналарының тазалығы гидравликалық шығын көлеміне үлкен әсер етеді. Жұмыс дөңгелектері арналарының кедір-бұдырлығын R_a 12,5-тен 3,2-ге дейін, қандай да бір құрылымдық өзгерістерсіз азайту сораптың ПЭК-ін 3-4% - ға артуына алып келеді. Жұмыс дөңгелектерінің арналарының бетінің тазалығын арттыру иілген егеуіштермен, пневматикалық машинкалармен немесе гидроабразивті өңдеумен жүзеге асырылады. Соңғы жылдары жабдықты жөндеу базаларында жұмыс дөңгелектерінің бетін полимерлік материалдармен жабу кеңінен қолданыста.

Полимерлік материалдармен жабу сорап қуатының гидравликалық шығынын азайтып қана қоймай, абразивті тозудан және химиялық белсенді ортаның әсерінен қорғау қызметін атқарады.

Жұмыс дөңгелектерінің дайындалу материалының механикалық қасиеттері температуралық әсер етуді ескере отырып сонымен қатар жұмыс дөңгелегінің талап етілетін беріктігін қамтамасыз етуі арқылы таңдалуы тиісті. Жұмыс дөңгелектерінің маңызды сипаттамасы олардың материалының айдау сұйықтығындағы коррозияға қарсы күрестегі төзімділігі.

Айдау сұйықтығы жоғары жылдамдықпен жұмыс дөңгелектерінің арналарында қозғалады, сондықтан жұмысшы дөңгелек материалы эрозияға қарсы жақсы тұрақтылықты қамтамасыз етуі тиіс. Жоғары қысымды сораптардың жұмыс дөңгелектері 20Х13Л тот баспайтын болаттан, 25Л көміртекті болаттан және СЧ18-36 маркалы шойыннан әзірленеді [9].

2 Арнайы бөлім

2.1 Ортадан тепкіш секциялық типті сорғы жұмысының тиімділігін арттыру

Ортадан тепкіш сорғы қондырғысы тиімділігінің басты көрсеткіші ПӘК болып табылады. Сорғының жұмыс жасау кезіндегі әртүрлі шығындардың, энергия шығындарының болған шамасын ПӘК көрсетеді. Жұмысшы сорғының негізгі шығындарын білу бізге жабдықты шығынын азайтуға бағытталған жетілдіруді, тиімді жолмен жөндеу жұмыстарына мүмкіндік береді. Сорғылар көп мөлшерде энергияны тұтынатындықтан және үздіксіз пайдаланылатындықтан, сорғылар үшін пәк мәні аса маңызды. Пайдалы әсер коэффициентін тіпті 1% - ға арттыру сорғының бүкіл өмірлік циклі ішінде айтарлықтай қаражатты үнемдеуге мүмкіндік береді. Олардың шамасын бағалау, сондай-ақ төмендету үшін шығындардың мәнін және туындау себептерін анықтау қажет.

Осы мәселені шешудің бірнеше нұсқасы бар, соның ішінде сорғыны толығымен ауыстыру, бірақ бұл нұсқа әдетте экономикалық тиімсіз болып табылады. Осы бапта жұмыс істеп тұрған сорғының ПӘК-ін көтеру тәсілдері қарастырылған, ол үшін сорғының бағыттаушы аппараттарындағы каналдардың орналасуын өзгерту. Бұл жағдайда сорғыны оңтайландыру оны әзірлеуге және өндіруге үлкен шығындармен байланысты болмайды, өйткені сорғы корпусы өзгеріссіз қалады.

Қазіргі таңда ортадан тепкіш секциялық сорғы жұмысында шығындардың 20-25% - ы бағыттаушы аппараттың каналдарына тиесілі болып табылады, осы бапта бағыттаушы аппараттың каналдарына жетілдіру жұмыстары жүргізілді.

2.2 Техникалық ұсыныс

Бұл дипломдық жұмыста секциялық ортадан тепкіш соратын бағыттаушы аппараттарында диффузорлық арналар конструкциясын жетілдіру жұмыстары ұсынылады.

Бұл жоба сорап құрылысы саласына, атап айтқанда көп сатылы секциялық орталықтан тепкіш сораптарға жатады.


Сорап корпусы қамтиды. Корпус шпилькалармен тартылған секциялардан тұрады. Кіріс және шығыс арналары шеткі секцияларда орындалған. Сорап сатылары аралық секцияларда орналасқан және жұмыс дөңгелегінен, диффузорлық каналы бар бағыттаушы аппараттан тұрады. Диффузорлық арналардың кіріс өту қимасы енінің, шығыс қимасы еніне қатынасы $0,62 \div 0,82$ диапазонда жатыр. Диффузорлық арна симметриясының осі мен осы арнаның кіруіне орталықтан жүргізілген бағыттаушы аппараттың R радиусы арасындағы бұрыш $64 \div 82^\circ$ тең. Конструкция ең аз гидравликалық ысыраптарды қамтамасыз етеді және сорғының тиімділігін ПӘК-ін арттыруға

мүмкіндік береді, сонымен қатар сатылар арасындағы жұмыс сұйықтығының ағынын тұрақтандыру есебінен арынды арттыруға мүмкіндік береді. Өтпелі қималардың ені аз болған кезде сұйықтықтың арналар арқылы өтуі қиындайды, ал үлкен болған кезде оны жылдамдату тиімділігі төмендейді. Арнаның бұрыштық жағдайы да сораптың өнімділігіне айтарлықтай әсер етеді.

Бағыттаушы арналары жетілдірілген диффузорлық арналары бар ОТС 180-900 сораптың әрекет ету принципі ОТС 180-900 базалық сораптан еш айырмашылығы жоқ.

Сұйықтық бірінші жұмыс дөңгелегінен кейін бағыттаушы аппараттың арналарынан өткен кезде сұйықтықтың айнымалы қозғалысын үдемелі түрлендіруге, сорап арынын арттыруға, сондай-ақ, сұйықтықтың келесі жұмыс дөңгелегіне өтуін оңтайландырады. Бағыттаушы аппараттың диффузорлық арналарының ұсынылып отырған жетілдірілген құрылымы гидравликалық ысыраптарды азайтуға, арынды арттыруға, барлық режим бойынша сораптың ПЭК-ін орта есеппен ұлғайтуға, сонымен қатар дірілді төмендетуге мүмкіндік береді.

Бағыттаушы аппараттың каналдарындағы энергия шығындарының үлесі сораптағы жалпы шығындардың 20-25% - ын құрайды [2]. Бұл өз кезегінде бағыттаушы аппараттың ағын қуысын өңдеудің дәлдігі мен тазалығына жоғары талаптар қояды. Диффузорлық арналарды механикалық жолмен, қолмен тазалайды немесе электрохимиялық (электр ұшқын) өңдеу жұмыстары қарастырылады.



a – кіріс өту қимасы; b – шығыс қимасы; R – бағыттаушы аппарат радиусы; l – арнаның кіріс қимасының симметриялы осі.

2.1 Сурет – Бағыттаушы аппарат

2.3 Сораптың жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру

Сораптың сенімді және тоқтаусыз жұмыс істеуі дұрыс пайдаланумен қатар уақытылы жөндеу мен жөндеудің сапасына байланысты. Сорап станцияларындағы ірі сорапты жөндеу техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүйесіне сәйкес ұйымдастырылады, ол осы жүйеге кіретін бұйымның сапасын қалпына келтіру үшін қажетті өзара байланысты құралдардың, техникалық құжаттаманың және орындаушылардың жиынтығын құрайды. ОТС типті сораптарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету жүйесі келесі негізгі жұмыс түрлерін қамтиды: техникалық қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу, орташа жөндеу және күрделі жөндеу жұмыстары.

2.1 Кесте – ОТС типті сорапқа арналған техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша іс-шаралар

Техникалық қызмет көрсету (700-750 жұмыс сағатынан кейін жүргізіледі)	Ағымды жөндеу (1800-2000 жұмыс сағатынан кейін жүргізіледі)	Орташа жөндеу (4700-5000 жұмыс сағатынан кейін жүргізіледі)	Күрделі жөндеу (қажеттілігіне қарай жүргізіледі, әдетте 11800-12100 сағат жұмыстан кейін)
1) Мойынтіректерді тексеру, қажет болған жағдайда оларды ауыстыру немесе қайта құю	1) Техникалық қызмет көрсету	1) Алдыңғы жөндеу жұмыстарының толық көлемі	1) Алдыңғы жөндеу жұмыстарының толық көлемі
2) Мойынтіректерге арналған майды ауыстыру, май құбырларын жуу	2) Сорапты толығымен бөлшектеу, ротордың корпуста жұмыс істеуін тексеру	2) Сорап роторын бөлшектеу, білікті мұқият тексеру және оның айналымы тексеру. Ротордың әр бөлігін мұқият тексеру, тозған бөліктерін ауыстыру	2) Барлық сорап тораптарын бөлшектерін тексеру
3) Бүйірлік тығыздауыштарды тексеру және қажет болған жағдайда ауыстыру	3) Сорап корпусындағы, ротор тығыздағыштарындағы саңылауларды, бөлшектердің жай-күйін және ротордың соғылуын тексеру	3) Сорап корпусының отырғызу орындарының жағдайын тексеру, күрделі жөндеу мерзімін нақтылау	3) Жұмыс дөңгелектерін, біліктерді, мойынтіректерді, тығыздағыштарды, түсіру дискісін тексеру нәтижелері бойынша ықтимал ауыстыру

2.1- кесте жалғасы

4) Жартылай муфтаның күйін тексеру	4) Білік шейкаларының конустылығы мен эллиптілігін тексеру	4) Әдетте сырғанау мойынтіректерін қайта құю жүргізіледі	4) Сораптың корпусын іргетастан алу, сораптың отырғызу орындарын балқыту және өңдеу
5) Тығыздаушы сұйықтықты шығаратын құбыржолдар жүйесін бұмен жуу және үрлеу, сондай-ақ суды салқындату құбырлары мен камераларын тазалау	5) Сораптың барлық тораптары мен бөлшектерін мұқият қарау, байқалған ақауларды жою		5) Ішкі корпустың немесе корпус жиынтығының жекелеген секцияларын ауыстыру
6) Агрегаттың орталықтануын тексеру	6) Ультрадыбыстық немесе магнитті ұнтақты дефектоскопия әдісімен сорап корпусының жағдайын тексеру		6) Сораптың гидравликалық қысымын сынау
7) Барлық агрегаттың іргетасқа бекітілуін тексеру			

Сораптарды және олардың бөлшектерін жөндеу қажеттілігі нақты пайдалану жағдайларына байланысты.

Техникалық құжаттамада көрсетілген жөндеу түрлері, жөндеу циклі, жөндеу аралық кезең және қосалқы бөлшектердің шығыны сенімділіктердің орташа көрсеткіштері үшін белгіленеді.


Құрамында абразивті қоспалары бар қабаттық суды айдайтын ортадан тепкіш секциялық сораптар үшін жөндеуаралық кезеңдер саны:

$$n = \frac{T_{opt}}{T_i}, \quad (2.1)$$

мұндағы $T_{opt} = 12000$ сағ – күрделі жөндеуге дейінгі ресурс;
 $T_i = 2000$ сағ – істен шығуға дейінгі жұмыс.

$$n = \frac{12000}{2000} = 6.$$

Бұл ретте ортадан тепкіш секциялық сораптар үшін пайдалану басталғаннан бастап бірінші күрделі жөндеуге дейінгі жөндеу циклінің құрылымдық схемасы мынадай болады: Н – 2ТҚҚ – АЖ – ТҚҚ – АЖ – ОЖ – ТҚҚ – 2АЖ – ТҚҚ – АЖ – КЖ.



Н – пайдалануды бастау, ТҚҚ – техникалық қызмет көрсету, АЖ – ағымды жөндеу, ОЖ – ортаңғы жөндеу, КЖ – күрделі жөндеу

2.2 Сурет – Жылдық жөндеу циклінің құрылымдық сұлбасы

Сорапты пайдалану кезіндегі жөндеу циклдерінің саны

$$z = 8760 T \frac{k_n}{k_{opt}}, \quad (2.2)$$

мұнда 8760 – жылдық уақыт қоры, жыл;

$T = 20$ – орташа қызмет мерзімі, жыл;

$k_n = 0,45$ – пайдалану коэффициенті;

$T_{opt} = 12000$ күрделі жөндеуге дейінгі орташа ресурс, сағ.

Қарастырылып отырған ірі орталықтан тепкіш сораптар үшін пайдалану кезіндегі жөндеу циклдерінің саны:

$$z = 8760 \cdot 20 \frac{0.45}{12000} = 6.57 \approx 7.$$

Жөндеу циклі және оның құрылымы жоспарлы - алдын ала жөндеу нормативтерін әзірлеу үшін негізгі болып табылады.

2.4 Ортадан тепкіш сорғыларды пайдалану және қызмет ету мерзімін ұлғайту

Ортадан тепкіш сорғылардың апатсыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін олар нақты аспаптар жиынтығымен жабдықталуы керек. Сорғының жұмыс дөңгелегіне сұйықтықты сору қызметін атқаратын құбырға кездейсоқ түскен бөтен денелерден қорғауды қамтамасыз ету үшін сорғыға кіру желісінде ысырманы және сүзгіні орнату ұсынылады.

Кавитация процесінің ықтимал пайда болуын болдырмау үшін, сорылатын ортаның ағып кетуіне байланысты, сорғыға кіретін ағынның қысымын бақылау үшін кері клапан мен манометр орнатылады.

Айдау желілеріндегі жабық ысырмадан ықтимал су соққысынан қорғау үшін, сорғының артына кері клапан және сорғымен дамиды қысымды бақылау үшін манометр орнатылады.

Сорғының апатсыз тиімді жұмысы үшін оның авитациясыз жұмысын қамтамасыз ету қажет, ол мынадай шарттарды сақтаумен қамтамасыз етіледі: "сорғының кавитациялық қоры сорғы орнатылатын жүйенің кавитациялық қорынан төмен болуы тиіс".


Сорғының ағынды бөлігін және айдалатын ортамен жанасатын бөлшектерді материалдық орындау сорғымен айдалатын ортаның коррозиялық белсенділігіне байланысты таңдалады. Сорғының ағынды бөлігінің материалдық орындалуын дұрыс таңдау кезінде ең аз рұқсат етілетін коррозия жылдамдығы 0,1 мм/жыл.

Сорыпта айдалатын сұйықтықтың физикалық-химиялық қасиеттерімен сорғыда қолданылатын тығыздау торабының құрылымы мен түрі анықталады. Ортадан тепкіш сорғылар сальникті және механикалық тығыздаудың әртүрлі түрлерімен жинақталуы мүмкін.

3 Есептеу бөлімі

3.1 Жұмыс дөңгелегінің есебі

Бізге шарттар бойынша берілгені: беріліс $Q = 180 \text{ м}^3/\text{сағ} = 0,05 \text{ м}^3/\text{с}$, арын $H = 900 \text{ м}$, айналу жиілігі $n = 2950 \text{ айн/мин}$.



3 Сурет – жұмысшы дөңгелек геометриясы

Жылдамдық коэффициенті мына формула бойынша анықталады:

$$n_s = \frac{3,65 \cdot n \cdot \sqrt{Q}}{H^{\frac{3}{4}}}, \quad (3.1)$$

$$n_s = \frac{3,65 \cdot 2950 \cdot \sqrt{0,05}}{\left(\frac{900}{7}\right)^{\frac{3}{4}}} = 63,058.$$

Дөңгелек арыны мына формула бойынша анықталады:

$$H_i = \frac{H}{i}, \quad (3.2)$$

мұндағы i – сорап сатысының саны; біздің жағдайда $i = 7$ [6].

$$H_i = \frac{900}{7} = 128,57 \text{ м.}$$

Кавитациясыз жұмыс режимін анықтау:

$$h \geq 10 \frac{n \cdot \sqrt{Q}}{c}, \quad (3.3)$$

мұнда h – кавитациясыз жұмыстың рұқсат етілген арыны; $h = 12$ м;
 C – жылдамдықтың кавитациялық коэффициенті; $C = 800$.

$$h \geq 10 \frac{2950 \cdot \sqrt{0.05}}{800} = 8,25 \text{ м.}$$

$12 \text{ м} \geq 8,25 \text{ м}$ есептеулерге сәйкес сорап жұмысы кавитациясыз жұмыстың рұқсат етілген арынын қамтамасыз етеді.

